

ӘОЖ 619:616.993(574.12)

**Е. К. Туяшев**<sup>1</sup>, ветеринария ғылымдарының кандидаты, аға ғылыми қызметкер,  
**С. Г. Канатбаев**<sup>2</sup>, биология ғылымдарының докторы, доцент,  
**Е. С. Нысанов**<sup>1</sup>, ғылыми қызметкер  
**Г. А. Дуйсебекова**<sup>3</sup>, магистрант

<sup>1</sup>Батыс Қазақстан ғылыми-зерттеу ветеринария стансасы, Орал қ., ҚР, Uralskaya.nivs@mail.ru

<sup>2</sup>Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ., ҚР

<sup>3</sup>Қазақ ұлттық аграрлық университеті, Алматы қ., ҚР

## **АТЫРАУ ОБЛЫСЫНЫҢ КЕЙБІР АУДАНДАРЫНДАҒЫ МІҚ ЖӘНЕ ҰМҚ МАЛДАРЫНЫҢ БРУЦЕЛЛЕЗІНІҢ НЕГІЗГІ ҚАУІПТІ ФАКТОРЛАРЫ**

### **Аннотация**

Мақалада Атырау облысының кейбір аудандарындағы ірі және ұсақ мүйізді малдарының бруцеллезі бойынша эпизоотиялық жағдай келтірілген. Атырау облысы бойынша ауылшаруашылық малдарының бруцеллезінің індеттанулық ерекшеліктері және індет таралуының негізгі қауіпті факторлары келтірілген.

Аурудың кең таралуына жергілікті тұрғындардың ветеринариялық-санитариялық ережені бұзуы, уақытылы алдын-алу шаралардың жүргізілмеуі қауіпті факторлар болып саналады.

***Түйін сөздер:** бруцеллез, мүйізді ірі қара, ұсақ мүйізді мал, бруцеллез ошақтары, эпизоотиялық жағдай, қауіпті факторлар, індеттің тарал себептері.*

Бруцеллез індетімен ауыл шаруашылық жануарлары ғана емес, сонымен қатар адамдар да ауырады. Адамдардың бруцеллезбен залалдануы алиментарлы жолмен, кейде сирек жағдайда ауа арқылы болып отырады. Адамдардың алиментарлы жолмен залалдануы көбінесе сүтті және сүт өнімдерін шикі күйінде, пісірмей тағамға қолдану арқылы жұқтырады [1].

Қазіргі таңда бруцеллездің негізгі эпидемиологиялық ошақтары – еліміздің басым көпшілік аймақтарында тіркелген. Соның ішінде Атырау облысында да мүйізді ірі қара және ұсақ мүйізді қара малдардың арасында бруцеллез анықталған.

Атырау облысы Қазақстан Республиканың батысында орналасқан, 1938 жылы құрылған (1992 ж. дейін Гурьев облысы болып аталды). Облыста 2 қала (облыстық маңызы бар – Атырау, аудандық маңызы бар – Құлсары), 7 ауданның құрамында 65 ауылдық (селолық) округтер, 174 елді мекендер тіркелген.

Солтүстігінде Батыс Қазақстан облысымен, шығысында Ақтөбе облысымен, оңтүстік-шығысында Маңғыстау облысымен және батысында Ресейдің Астрахан облысымен шектеседі. Сондай-ақ оңтүстік шекарасы Каспий теңізіне келіп тіреледі.

Атырау облысында континенттігі тым басым климат қалыптасқан. Облыс табиғи ылғалдылығы жеткіліксіз, аңызак желді, шаңды, дауылды, жазы ыстық, қуаң, қысы қарсыз (не жұқа қарлы) болып келеді.

Атырау облысының агроөнеркәсіптік кешені өңірдегі экономиканың маңызды секторларының бірі болып есептеледі, ауылдық жерлерде облыс халқының жалпы санының 42,7% өмір сүреді. Облыстың ауыл шаруашылығы жерлерінің көлемі 9,8 млн. гектарды құрайды. Облыс ауыл шаруашылығында негізгі сала мал шаруашылығы болып есептеледі. Облыстың ауыл шаруашылығы мал өсіруге, әсіресе қой және ірі қара, жылқы, түйе өсіруге маманданған. Осыған орай, ауыл шаруашылығы жануарлары арасында бруцеллездің таралуын байқауға болады.

Зерттеу әдістері мен материалдары. Атырау облысындағы ауылшаруашылық малдар бруцеллез ауруының эпизоотиялық жағдайын және осы індеттің пайда болуының негізгі қауіпті факторларын облыстық ветеринариялық есеп деректері бойынша және Қызылқоға, Құрманғазы, Махамбет аудандарында іс-сапар кезінде жинадық. Ірі және ұсақ мүйізді қара малдары арасында кездесетін бруцеллез ауруы бойынша эпизоотиялық зерттеулерді белгілі әдістермен жүргіздік [2,3,4].

Зерттеу нәтижелері және талқылау. Зерттеу жұмыстары кезінде Атырау облысы мүйізді ірі қара бруцеллезі бойынша 2013-2015 жылдардағы эпизоотиялық жағдайды зерттедік. Атырау облысында бруцеллез ауруының эпизоотиялық жағдайы 1 кестеде көрсетілген.

1 кесте – Атырау облысы мүйізді ірі қара бруцеллезі бойынша 2013-2015 жылдардағы эпизоотиялық жағдай

Аудандар, қала	2013ж.		2014ж.		2015ж (8ай)	
	Тексерілгені, бас	Ауруға шалдыққаны, бас	Тексерілгені, бас	Ауруға шалдыққаны, бас	Тексерілгені, бас	Ауруға шалдыққаны, бас
Атырау	12690	229	8000	122	1453	18
Жылыой	31282	71	25500	127	14156	60
Индер	27000	26	18000	26	10848	11
Исатай	26000	102	18000	32	10889	-
Қызылқоға	50000	602	24000	355	10240	302
Құрманғазы	57314	424	36487	162	30547	225
Мақат	2917	11	1600	22	392	7
Махамбет	25996	26	20000	6	12384	19
Барлығы	233199	1482	151587	852	90909	642

1 кестеде көрсетілгендей, Атырау облысында мүйізді ірі қара бруцеллезі соңғы 3 жылда кең таралған, әсіресе осы жылдары Қызылқоға ауданында 1259 мал басы, Құрманғазы ауданында 811 мал басы ауырғандығы тіркелген.

Облыс бойынша 2013ж. бруцеллезбен 1482 бас мік ауырса (0,63%), 2014ж. - 852 бас (0,56%), 2015 ж. (8ай) – 642 бас (0,70%) ауырған. Ауруға шалдыққан малдардың пайызы көбейгенмен, зерттеу жоспары жыл сайын азайып келеді (2013ж. жоспар бойынша 233199 мал басы зерттелу керек болса, 2014ж. – 151587 бас, 2015ж. (8ай) - 90176).

Жоспар бойынша кейбір аналық малдар жылына 2 рет зерттелсе, қалған малдар жылдар бойы зерттелмей келеді. Малдардың толық және уақытылы зерттелмеуі, ауруға шыққандары дер кезінде оқшауланбауы қауіпті факторлар болып саналады.

2 кесте – Атырау облысы ұсақ мүйізді қара бруцеллезі бойынша 2013-2015 жылдардағы эпизоотиялық жағдай

Аудандар	2013ж.		2014ж.		2015ж (8ай)	
	Тексерілгені, бас	Ауруға шалдыққаны, бас	Тексерілгені, бас	Ауруға шалдыққаны, бас	Тексерілгені, бас	Ауруға шалдыққаны, бас
Атырау	5000	6	7338	6	773	9
Жылыой	115512	0	80971	0	43960	-
Индер	109892	3	87500	0	40843	64
Исатай	74226	0	58500	0	29887	-
Қызылқоға	111860	1188	107052	1819	83332	1476
Құрманғазы	154286	0	142818	0	77036	-
Мақат	2482	7	2400	0	1214	10
Махамбет	57084	2	52600	28	24989	-
Барлығы	630342	1206	539179	1853	289063	1559

2 кестеде көрсетілгендей, Атырау облысы бойынша ұсақ мүйізді қара бруцеллезі Қызылқоға ауданында өте жоғарғы деңгейде. Осы ауданда 2013 ж 1188 бас ұмқ ауырса (1,06%), 2014ж. – 1819 бас (1,69%), 2015(8ай) – 1476 бас (1,77%) ауырған. Облыс бойынша бруцеллезбен ауырған ұсақ мүйізді қараның 97% Қызылқоға ауданында анықталған.

3 кесте – Қызылқоға ауданындағы мүйізді ірі қара бруцеллезі бойынша эпизоотиялық жағдай (2013-2015жж.)

Округтер атауы	2013ж.			2014ж.			2015ж (8ай)		
	Тексерілгені, бас	Ауруға шалдыққаны, бас	Залалдық, %	Тексерілгені, бас	Ауруға шалдыққаны, бас	Залалдық, %	Тексерілгені, бас	Ауруға шалдыққаны	Залалдық, %
Миялы	5648	119	2,4	1268	78	3	2156	60	2,8
Жангелдин	3340	88	3,2	2262	46	2	2354	58	2,4
Ойыл	3813	36	0,7	2062	60	2,5	2875	35	1,2
Көздіғара	4150	59	1,1	3253	37	1,4	3612	26	0,7

3 кестеде көрсетілгендей, біздер барған 4 ауылдық округте соңғы 3 жылда 672 бас мік бруцеллезбен ауырған. Индеттің кең таралуына бірнеше себептер бар: осы елді мекендердің бәріне де шектеу салынбаған, сондықтан малдар жылына тек қана 2 рет зерттеледі, ауру малдар дер кезінде окшауланбайды.

Бруцеллез ошақтары тіркелген қолайсыз елді мекендер санымен ауру малдары бар ауылдық округтар саны сәйкес келмейді.

4 кестеде көрсетілгендей, соңғы 3 жылда Миялы ауылдық округінде 747 бас ұсақ мүйізді қара ауырған, ауруға шалдығу пайызы 2,1-дан 3,28 -дейін өскен. Көздіғара ауылдық округінде 3 жылда 1308 бас ұмқ бруцеллезбен ауырған. Қазіргі уақытта ұмқ бруцеллезі аудан бойынша аса күрделі мәселе болып тұр. Жақын уақытта ауру малдарды сою мәселесі шешілмесе, индет әлі де кең таралуы мүмкін.

2015 жылдың 8 айында аудан бойынша 8 адам бруцеллезбен ауырған. Адамдарға индет ұсақ мүйізді қара малдарынан жұққан.

4 кесте – Қызылқоға ауданындағы ұсақ мүйізді қара бруцеллезі бойынша эпизоотиялық жағдай (2013-2015жж.)

Округтер атауы	2013ж.			2014ж.			2015ж (8ай)		
	Тексерілгені, бас	Ауруға шалдыққаны, бас	Залалдық, %	Тексерілгені, бас	Ауруға шалдыққаны, бас	Залалдық, %	Тексерілгені, бас	Ауруға шалдыққаны, бас	Залалдық, %
Миялы	11017	232	2,1	11268	147	1,5	11200	368	3,28
Жангелдин	8953	15	0,1	11270	60	0,6	11200	180	1,60
Ойыл	17613	4	0,04	17482	77	0,5	13900	214	1,54
Көздіғара	10320	222	2	12165	674	6	11200	412	3,67

Осыған қарамастан, ауданда бруцеллез ауруынан қолайсыз деп тек қана 3 елді мекенге (Миялы ауылдық округінде Б. Нысанбаев көшесіне, Тасшағыл ауылдық округінде Қ. Досығалиев көшесіне және осы округте Тасшағыл өндірістік кооперативтің Өтебай қыстағына) шектеу салынған. Миялы ауылдық округінде Б. Нысанбаев көшесінің ұсақ мүйізді қара малдары биыл 7 рет (7739 қан сынамасы) зерттеліп, оның 98 басы ауруға шыққан. Ауру малдар уақытында окшауланбағандықтан, зерттелген сайын ауру малдардың саны азаймай отыр. Мәселен, наурыз айында 994 бас зерттеліп, 19 бас ауру шықса, 7-ші рет тамыз айында 1233 малдан 18 бас ауру шыққан. Осындай жағдай басқа да ұсақ мүйізді қара мал бруцеллезінен

қолайсыз пунктерде байқалады.

Бруцеллез ошақтары тіркелген қолайсыз елді мекендер санымен ауру малдары бар ауылдық округтар саны сәйкес келмейді. Бұл да негізгі қауіпті факторлар болып есептеледі.

Аудан бойынша малдар сырғамен толық қамтамасыз етілмегеннің кесірінен, әсіресе жас малдар арасында бірдейлендіру уақытында жүргізілмеуіне байланысты, олардың зерттелмеу қалуы да қауіпті фактор болып саналады.

Ауданда 10 мал моласы бар, оның ішінде 2-і типтік, қалғандары – қарапайым молалар.

5 кесте – Құрманғазы ауданындағы ірі және ұсақ мүйізді қара бруцеллезі бойынша эпизоотиялық жағдай 2015ж (8ай)

Округ атаулары	Мүйізді ірі қара			Ұсақ мүйізді қара		
	Тексерілгені, бас	Ауруға шалдыққаны, бас	Залалдық, %	Тексерілгені, бас	Ауруға шалдыққаны, бас	Залалдық, %
Орлы	1881	1	0,05	4872	-	-
Киров	2755	4	0,14	2781	-	-
Нұржау	1632	13	0,79	1753	-	-
Сүйіндік	2250	53	2,35	27643	-	-

Сүйіндік ауылдық округі шөлдік зонада, климаты құрғақ, континентальды. Қысы қысқа, жылдың 9-10 айында мал жайылымда болады. Өсімдіктің тапшылығынан малдар үлкен аумақта жайылады, сондықтан бруцеллез ауруына жоспарлық зерттеулер жүргізуде қиындықтар туады.

6 кесте – Махамбет ауданындағы ірі және ұсақ мүйізді қара бруцеллезі бойынша эпизоотиялық жағдай 2015ж (8ай)

Округ атаулары	Мүйізді ірі қара				Ұсақ мүйізді қара			
	Тексерілгені, бас	жоспар орындалуы, %	Ауруға шалдыққаны, бас	Залалдық, %	Тексерілгені, бас	жоспар орындалуы, %	Ауруға шалдыққаны, бас	Залалдық, %
Есбол	1472	85	-	-	3002	81	-	-
Махамбет	1257	75	3	0,23	4272	67	-	-
Алға	2004	100	-	-	4500	100	-	-
Сарайшық	937	83	3	0,32	2571	76	-	-
Алмалы	635	85	-	-	1067	89	-	-

6 кестеде көрсетілгендей, Махамбет ауданының ірі және ұсақ мүйізді қара бруцеллезі бойынша эпизоотиялық жағдайы бір қалыпты. Аудан Атырау облысының ішінде орналасқан және басқа облыстармен шектеспейді. Сонымен қатар, ауданда малдарды зерттеумен қамту біркелкі жақсы ұйымдастырылған. 2014 жылы да аудан бойынша тек 6 мік, 28 қой, 7 түйе ауырған.

Жоғарыдағы келтірілген деректерге сүйене отырып, Атырау облысында бруцеллез ауруы бойынша эпизоотиялық жағдайдың күрделі екенін көруге болады.

Қорытынды:

1. Атырау облысында мүйізді ірі қара бруцеллезі соңғы 3 жылда кең таралған, әсіресе осы жылдары Қызылқоға ауданында 1259 мал басы, Құрманғазы ауданында 811 мал басы

ауырған. Облыс бойынша 2013ж. бруцеллезбен 1482 бас ірі ауырса (0,63%), 2014ж. - 852 бас (0,56%), 2015 ж. (8ай) – 642 бас (0,70%) ауырған. Ауруға шалдыққан малдың пайызы көбейгенмен, зерттеу жоспары жыл сайын азайып келеді (2013ж. жоспар бойынша 233199 мал басы зерттелу керек болса, 2014ж. – 151587 бас, 2015ж. (8ай) – 90176 бас). Жоспар бойынша кейбір аналық малдар жылына 2 рет зерттелсе, қалған малдар жылдар бойы зерттелмей келеді.

2. Атырау облысы бойынша бруцеллезбен Қызылқоға ауданында 2013жылы 1188 ұмқ ауырса (1,06%), 2014ж. – 1819 бас (1,69%), 2015(8ай) – 1476 бас (1,77%) ауырған. Облыс бойынша бруцеллезбен ауырған ұсақ мүйізді қаранын 97% Қызылқоға ауданында анықталған.

3. Индеттің кең таралуына бірнеше себептер бар: ауру мал бар мекендерге шектеу салынбаған, сондықтан малдар жылына тек қана 2 рет зерттеледі, ауру малдар дер кезінде окшауланбайды.

4. Қызылқоға ауданы Миялы ауылдық округінде ұмқ-ның 3 жылда ауруға шалдығу пайызы 2,1%-дан 3,28% -дейін өскен. Көздігара ауылдық округінде 1308 бас ұмқ бруцеллезбен ауырған. Ауданда бруцеллез ауруынан қолайсыз деп тек қана 3 мекенге шектеу салынған. Бруцеллезден қолайсыз пунктерде санитарлық мал сою орыны болмағандықтан 200 қой және 15 ірі қара малы тапсырылмай отыр.

5. Атырау облысы Құрманғазы, Қызылқоға және Махамбет аудандарында МІҚ және ҰМҚ бруцеллезінің негізгі қауіпті факторлары:

а) зерттеу жоспары төмендігінен МІҚ және ҰМҚ диагностикалық зерттеумен толық қамтылмайды;

б) малдардың толық және уақытылы зерттелмегендіктен, ауру мал дер кезінде окшауланбайды;

в) ауру малдар санитарлық сою орындарына уақытылы тапсырылмайды;

г) бруцеллез ошақтары тіркелген қолайсыз елді мекендер санымен ауру малдары бар ауылдық округтар саны сәйкес келмейді.

#### **ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

1 Иванов Н.П. Бруцеллез животных и меры борьбы с ними / Н.П. Иванов. –А., 2007.–609 с.

2 Абуталип А.А. Эпизоотологический мониторинг и прогнозирование бруцеллеза животных в Актюбинской области РК / А.А. Абуталип, Г.Г. Абсатиров, Н. Матихан, З.Шытырбаева, Р. Исалдаева // Интеграция науки и практики в обеспечении ветеринарного благополучия : матер. междунар. научно-практ. конф. – Алматы, 2015. – С. 24-30.

3 Руководство по общей эпизоотологии / под ред. И.А. Бакулова, А.Д. Третьякова. – М.:Колос, 1979. – 424 с.

4 Туяшев Е. К. Современное состояние вопроса бруцеллеза животных в Западно-Казахстанской области. Проблемные теории и практики современной ветеринарной науки / Е. К. Туяшев, С.Г. Канатбаев, Р.А. Аманжол, З.Шытырбаева //Сб. науч. трудов КазНИВИ, Том LXI. – Алматы, 2015. – С. 256-261.

#### **РЕЗЮМЕ**

В статье приведены данные по эпизоотической ситуации по бруцеллезу крупного и мелкого рогатого скота в некоторых районах Атырауской области. Описаны особенности эпизоотологии бруцеллеза сельскохозяйственных животных по Атырауской области и приведены основные опасные факторы распространения инфекции.

Широкому распространению болезни способствуют невыполнения со стороны населения правил ветеринарно-санитарных мероприятий, несвоевременное проведение профилактических мероприятий считается опасным фактором распространения болезни.

#### **RESUME**

The article presents data on the epizootic situation of Brucellosis of cattle and small cattle in some areas of Atyrau region. The features of Epidemiology of brucellosis of farm animals on the Atyrau region are the main hazards of infection.

The wide spread of the disease contribute to the failure on the part of the population of the rules of animal health measures, failure prevention activities considered dangerous proliferation factors.